

А. Д. Димбаева, 3-курс

Ғылыми жетекшісі: М. М. Өтепова, аға оқытушысы

(Қазақ гуманитарлық-заң университеті)

МИГРАЦИЯЛЫҚ САЯСАТ — ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Миграция ерекше феномен ретінде ғылыми бөлінісінен бастап, әйтеуір бір контекстінде экономикалық немесе әлеуметтік, тарихи немесе мәдени, демографиялық немесе этникалық тұрғыдан қарастырылып келген еді. Бұл кездейсоқтық емес. Өйткені, миграциялық процесстер бір жағынан, бір немесе бірнеше қоғамда болып жатқан өзгерістермен күшті байланысты және осы мағынада алғанда оның әр жағының дамуының көрсеткіші — саяси, этноәлеуметтік, еңбек нарығындағы жағдай, тағы басқалар. Екінші жағынан, өзара сандық қана емес, сапалық қатынаста да (мәселен, әлеуметтік-демографиялық және этномәдени сипатымен) ерекшеленген әр түрлі миграциялық ағымдар өте күрделі және осы себептен донор мен реципиент қоғамдардың да жағдайына ықпал етеді.

Мақалада Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі контекстіндегі миграциялық саясатының қалыптасуы және миграцияның әлеуметтік функциялары зерттелді. Қауіпсіздікке миграциядан туындайтын қатерлер талқыланды. Мигранттар қоғам үшін қандай жағдайда қатер төндіреді және қабылдаушы халық үшін саяси, экономикалық, қылмыстық қауіптің жоғарылауына негіз болады деген сұраққа байланысты жүргізілген талдау нәтижесі, мигранттардың өздерінің қауіпсіздігі қамтамасыз етілмегенде, әлеуметтік жағынан қорғалмағанда, құқықтары заңмен дұрыс деңгейде сақталынбаған жағдайда реципиент ел үшін қатер келтіретіндігі анықталған.

Заңсыз миграцияны реттеу үшін келесі қадамдарды жүзеге асыруға болады:

- жергілікті миграциялық бақылау орындарында парақорлықты жою;
- мигранттар контрабандасы үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейтін арнайы бап енгізу;
- заңсыз миграцияны тоқтату үшін Ресей мен ОА елдері арасында өзара бірлескен алдын-алу шараларын жүргізу;
- басқа елдер заңнамасы мен тәжірибесіне салыстырмалы сараптама жасау;
- техникалық қамсыздандыру;
- мигранттарға қолдау беретін қоғамдық ұйымдарға гранттар бөлу;
- мигранттарға талап етілетін құжаттар санын қысқарту, жетілдіру;
- өнеркәсіп орындарының сұранысы бойынша мигранттар санын реттеу;
- мигранттардың заңсыз тасымалының барлық аспектілері қамтылатындай ортақ әмбебап халықаралық құжат жасауға кірісу.

Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» атты Қазақстан халқына жолдауында, бірінші ұзақ мерзімдік басымдық ретінде ұлттық қауіпсіздікті қояды. Қауіпсіздіктің басымдығы анық: егер еліміз қауіпсіздігін сақтамаса, онда тұрақты даму жоспарлары туралы сөз қозғауымыздың өзі қисынсыз, дейді. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев, ұлттық қауіпсіздік басымдықтарының деңгейіне мықты демографиялық және көші-қон саясаты шығарылуы керек, деген еді¹.

Миграция кеңістіктегі қоныс аудару процесіне түскен адамдардан көрініс табады, ал нышандық сипатта, бұл үлкен деңгейде құрылымдармен әрі институттармен байланысты. Миграция өзінің өмір сүруінде сапалық бағаға тәуелді емес, тек қана бұл баға миграцияны қолдау мен шектеуге қалай ықпал етеді деген мәселеге ғана тәуелді, керісінше, қауіпсіздік сапалық бағалауға толығымен байланысты әрі оған ұшырамағанға дейін өмір сүрмейтін де секілді (шындығында, ол әлі де санамызға енбеген құбылыс ретінде өмір сүруі мүмкін). Бір сөзбен айтқанда, миграцияны шынымен көруге болады, ал қауіпсіздікті сезіну қиын².

Қазақстан Республикасының миграциялық саясатының басты мақсаты — миграциялық процесстерді басқару, халықтың көбеюіне немесе тұрақтануына ықпал ететін және мемлекетіміздің біртұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болуы керек. Ол үшін миграциялық

саясаттың қауіпсіздігімізге ықпалын, жүйелік, құрылымдық-қызметтік, тарихи, бихевиористік, салыстырмалы, социологиялық әдістер арқылы зерттеп білу қажет.

¹ Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» атты Қазақстан халқына жолдауы.

² *Мейрманов С. Т.* Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі контексіндегі миграциялық саясатының қалыптасу мәселелері. — Алматы, 2004.